ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 18 шілде №3313-23-00-2/796 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы Ә.Қ.Құсайынованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы»,

ЖАУАПКЕР: Жеке кәсіпкер «Каратаев» басшысы Жасулан Ережепович Каратаевты,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Жосықсыз мердігер ретінде тану,
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор А.И.Оразымбек,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 19 сәуірде «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы» (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен Жеке кәсіпкер «Каратаев» басшысы Жасулан Ережепович Каратаевпен (бұдан әрі Кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыпалу туралы № 990140003041/230312/00 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші тапсырыс берушіге тауарларды, яғни «Жалпы көлемі 288 метр мата», шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 04 мамырға дейін жеткізуге міндеттелген. Алайда, Өнімберуші Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, келісім шарт бір жақты тәртіппен бұзылған, бұл мән-жай іс құжаттарымен дәлелденеді.

Шарттың жалпы сомасы 698256 теңгені құрайды.

АПК-нің 109 бабының 1 бөлігіне және 117 быбы 1 тармағына сәйкес талап қоюшының және мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындарды сот өндіреді.

Аталған заң нормасының шеңберінде жаупкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж сомасы 1725 теңге, және талап қоюшының пайдасына 503 теңге өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жеке кәсіпкер «Каратаев» басшысы Жасулан Ережепович Каратаевты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Каратаев» басшысы Жасулан Ережепович Каратаевты ЖСН 790226301416 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Каратаев» басшысы Жасулан Ережепович Каратаевты ЖСН 790226301416 «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының пайдасына тұрақсыздық айыбы 16758 теңге және мемлекеттік баж шығындары 503 теңге, барлығы 17261 (он жеті мың екі жүз алпыс бір) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Каратаев» басшысы Жасулан Ережепович Каратаевты ЖСН 790226301416 мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК – нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья М.Б.Киргабаков

Көшірмесі дұрыс

Судья М.Б.Киргабаков

Анықтама

Шешім күшіне енді «25» тамыз 2024 жылы енді

Судья М.Б.Киргабаков

Құжатқа қол қойылған: Киргабаков М.Б., 24.07.2023